

Жергілікті бюджетте тұратын бюджет мекемелерінің қаржыны жұмсау лимитін бекіту арқылы қаржыландыру туралы Нұсқаулығына толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 1997 жылғы 26 ақпандағы N 49. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 14 наурызда тіркелді. Тіркеу N 39. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 469 бұйрығымен.

Ескерту: Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 2004 жылғы 30 желтоқсандағы N 469 бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1996 жылғы 2 қаңтардағы N 264 V960231_ бұйрығымен бекітілген жергілікті бюджетте тұратын бюджет мекемелерінің қаржыны жұмсау лимитін бекіту арқылы қаржыландыру туралы Нұсқаулығына толықтырулар енгізу туралы ұсынылып отырған осы бұйрыққа N 1 қосымша бекітілсін.

Министрдің бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1997 жылғы 26.02. N 49 бұйрығымен бекітілген

N 1 қосымша

Жергілікті бюджетте тұратын бюджет мекемелерінің қаржыны жұмсау лимитін бекіту арқылы қаржыландыру туралы Нұсқаулығына толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы толықтырулар арқылы мақсатты жұмсалымға арналған жергілікті бюджетке бөлінген субвенцияларды бөлудің тәртібін бекітеді.

"Қаржы рұқсатын беру туралы" III бөлімге

- Бірінші азат жолдар кейінгі 5 тармаққа мына мазмұндағы абзац енгізілсін.

"Облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармалары республикалық бюджеттен мақсатты субвенциялар алған жағдайда өзінің облыстың мекемелеріне және қалалық (аудандық) қаржы бөлімдеріне лимитті бөлудің 3-

МБ үлгідегі есеп карточкалары бойынша бөледі. Облыстық (Алматы қалалық) қаржы басқармалары, бюджет қаржысын жұмсау туралы лимитті бөлгеннен кейін облыстық бағыныштылықтағы әрбір мекемеге 1-МБР-СУБВ (N 5 қосымша) кестесі немесе 1-кестенің МБЗ-СУБВ (N 6 қосымша) кестесі бойынша төменгі бюджетке берілген субвенцияның жалпы сомасына, тиесілі қалалық (аудандық) қаржы бөлімдеріне төлем қағаздары арқылы аудару үшін қаржы рұқсаты ж а з ы л ы п б е р і л е д і .

Қалалық (аудандық) қаржы бөлімшелері облыстық бюджеттен мақсатты субвенциялар алған жағдайда лимитті бөлудің бақылау карточкалары 3-МБ кестесі бойынша бөледі. Бюджет қаржыларын жұмсаудың лимитін бөлгеннен кейін қалалық (аудандық) қаржы бөлімдері қалалық (аудандық) әрбір мекемеге 1 МБР-СУБВ немесе 1 МБЗ-СУБВ кестесі бойынша қаржы рұқсатын береді.

Субвенцияға рұқсат беретін 1-МБР-СУБВ кестесі келесі қаржы рұқсаты жазылып, тағайындалған субвенциялар бойынша лимиттер таратылып болғанша жеке құжат ретінде жазылып беріледі";

- 6 тармақта "1 МБР кестесі" деген сөзден кейін "немесе 1 МБР-СУБВ" деген сөздермен толықтырылсын.

- 7 тармақта "1 МБЗ кестесі" деген сөзден кейін "немесе 1 МБЗ-СУБВ" деген сөздермен толықтырылсын.

- 9 тармақта "(1 МБР және 1 МБЗ)" сөздері "(кестелер: 1 МБР, 1 МБР-СУБ, 1 МБЗ-СУБВ)" сөздерімен алмастырылсын.

Қаржыны жұмсаудың лимитін белгілеу жолы арқылы, жергілікті бюджетте тұратын бюджет мекемелерін қаржыландырудың нұсқаулығының қосымшасына толықтыру

"Қаржы рұқсаты" - МБР-СУБВ кестесін толықтырудың тәртібі

МБР-СУБВ кестесі бойынша мекемелерге қаржы рұқсаты республикалық немесе облыстық бюджеттен мақсатты субвенция түрінде берілген, бюджет мекемелері арасында лимитті бөлуге құқық алған тиісті қаржы органдары арқылы бөлінеді. Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, облыстық қаржы органдары ұйымдарының анықтамасында көрсетілген әр мекемеге жеті саннан тұратын жеке код беріледі.

1 МБР СУБВ формасын бекіту және қол қою, толтыру тәртібі 1 МБР формасының тәртібіне сәйкес.

"Қаржы рұқсаты" - МБЗ-СУБВ кестесін толтырудың тәртібі

МБЗ-СУБВ қаржы рұқсаты формасы тиісті қаржы органдары арқылы беріледі. Мақсатты субвенцияның лимиттері бөлінген жергілікті бюджеттен

5 бағандағы жалпы сома _____
(санмен және жазбаша сомасы)

Бөлім бастығының қолы _____

Жауапты орындаушының қолы _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК